

**6D070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша (PhD)
философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған Сансызбай Қанибек
Мұратбекұлының «Теміржол автоматика және телемеханика жүйелері
үшін ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ПІКІРІ

Сансызбай Қанибек Мұратбекұлы докторлық диссертациясы қазіргі қоғам дамуында, экономика және нарық заманында Қазақстан Республикасының қарқынды даму жолындағы қарқынды үлес қосатын отандық теміржол инфрақұрылымын цифрландыру бағытына негізделген. Қорғауға ұсынылып отырған докторлық диссертацияда теміржол көлігінің заманауи даму сатысында маңызды орын алатын темір жол телімдеріндегі автоматика және телемеханика құрылғыларында ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі сатылары ақпарат қауіпсіздігінің негізгі қауіптерін анықтау, оның саясатын, негізгі бағыттарын, қамтамасыз ету және ұйымдық-құқықтық іс-шаралар әзірлеу, ақпараттық қауіпсіздік технологияларын таңдау және бейімдеу бағытындағы өзекті мәселелер қарастырылған.

Сансызбай Қанибек Мұратбекұлы зерттеу жұмысында «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ мен «Транстелеком» компанияларының 2017-2019 жылдар аралығындағы «Темір жол автоматикасы мен телемеханикасы жүйелерін жаңғырту және өндіру концепциясы» қаржыландыру жобасы аясында жүргізіліп, жоба шеңберінде ғылыми-практикалық нақты нәтижелерге қол жеткізді. Қ.М. Сансызбай алған нәтижелері белгіленген мақсат-міндеттердің сапасы орындалуымен біртұтастықта диссертациялық жұмыстың негізін қалап, қажетті ғылыми басылымдарда, соның ішінде Scopus деректер базасына кіретін «Journal of Theoretical and Applied Information Technology» журналында эксперименттік нәтижелер басылып шығарылды. Изденушінің ғылыми еңбектері талап етілетін ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің ұсынған басылымдарында жарық көрді. Аталған жұмыстың әр бөлігі Қазақстан Республикасы аумағында және шетелдік конференциялар мен семинарларда баяндалды.

Халықаралық тасымалдау көлемінің артуына байланысты біздің елде де координаталық басқару принципіне негізделген жүйелер құру қажеттілігі туындайды. Дәл сол себепті «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның автоматтандыру және цифрландыру дирекциясының мамандарымен бірге пойыздар қозғалысын басқарудың ұлттық KTCS (Kazakhstan Train Control Systems) жүйесін алғаш әзірледі.

Зерттеушінің жұмыста қол жеткізген ғылыми жаңалықтары:

- «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ инфрақұрылымындағы қолданыстағы теміржол автоматика және телемеханикасы жүйелерінің қазіргі жай-күйін талдау жүргізіп, ТАТ құралдарының жалпы жағдайы қауіпті күйге жақын екендігін дәлелдеді;

- пойыздар қозғалысын басқарудың ұлттық KTCS жүйесінің архитектурасын әзірледі;

- пойыздар қозғалысын басқарудың ұлттық KTCS жүйесінің TETRA радиоарнасында ақпаратты қорғау әдістерін әзірледі;

- жерүсті транкингік радионы (TETRA) аутентификациялау хаттамасының қауіпсіздігін талдау жасады;

- теміржол транкингік байланысының базалық станциясының камту моделін негіздеп және зерттеді;

- магистральдық желіде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін радиоблоктау жүйесін практикалық қолдану мақсатында эксперименттік зерттеулер жүргізді.

Докторант Қ.М. Сансызбайдың жоғарыда аталған зерттеу нәтижелері ғылыми басылымдарда шығып, халықаралық конференцияларда 2016-2020 жылдары баяндалды.

Диссертациялық жұмыс бойынша ғылыми іздену және оны әзірлеу барысында Қ.М. Сансызбай пойыздар қозғалысын басқарудың ұлттық KTCS жүйесінің ақпараттық қауіпсіздікті арттыруда жаңа ғылыми идеяларды игеруде өзінің еңбекқорлығын, қажырлығын және зерттеу мәселелері бойынша теориялық дайындығы жоғары екенін көрсете білді.

Қорыта келе, Сансызбай Қанибек Мұратбекұлының «Темір жол автоматика және телемеханика жүйелері үшін ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету» атты диссертациялық жұмысы 6D070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ҚР БҒМ Бақылау комитетінің диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарына сай және автор философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші

«Ақпараттық жүйелер» кафедрасының
профессоры, т.ғ.д.



А.А. Куандыков

